

ӘОЖ 32. (574)

М.А. Мекебаева, А.А. Кенесов

Философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: maigul-07@mail.ru

Қазақстандық жастардың мәселелері және оларды шешу жолдары

Қазіргі қазақстандық қоғамда жастардың әлеуметтену процесі мен құндылықтар жүйесіне қызығушылықтар өсуде, себебі, көрші аймақтарда болып жатырған саяси жағдайлар, ғалымдардың аталған мәселелер бойынша негізгі себептерін, ондағы акторлардың әрекеттерін талдау және болжау жасау өте маңызды. Сонымен қатар, жастардың ақпараттық әлеуметтенуі және құндылық жүйелерінің қалыптасуы негізгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Айталық, БАҚ әлеуметтік тәжірибенің басты таратушысы, сондықтан оларды актор ретінде қарастыру үлкен рөл ойнайды. Саяси процестерді тұрақтандыру мақсатында мемлекеттік жастар саясаты жасалып жүзеге асырылуда.

Түйін сөздер: жастар, әлеуметтену процесі, құндылықтар, құндылықтар жүйесі, жастар саясаты, бұқаралық ақпарат құралдары.

M.A. Mekebayeva, A.A. Kenesov

The problems of Kazakhstan youth and their solutions

In current conditions in Kazakhstan society is growing interest in process of socialization and youth values, in that ambiguous political processes neighboring regions increase the interest of scientists on actual operating actors and identifying their resources, focus, and activity and forecast its impact on causes. Consideration impact of information on socialization youth value system is very important. Since the media – one of the most powerful transmitters of social experience, media activity in the socialization process of young people is extremely important. To stabilize these processes directed activities of state youth policy.

Key words: young people, the process of socialization, values, media, youth policy.

M.A. Мекебаева, А.А. Кенесов

Проблемы казахстанской молодежи и пути их решения

В современных условиях в казахстанском обществе растет интерес к процессу социализации и системе ценностей молодежи, так как неоднозначные политические процессы в соседних регионах повышают интерес ученых к реально действующим акторам и к определению их ресурсов, направленности, их активности и прогнозу ее последствий. Рассмотрение влияния информационной социализации молодежи на формирование системы ценностей очень важно. Поскольку СМИ – один из самых мощных передатчиков социального опыта, деятельность СМИ в процессе социализации молодежи чрезвычайно важна. На стабилизацию указанных процессов направлены мероприятия государственной молодежной политики.

Ключевые слова: молодежь, процесс социализации, ценности, ценностные ориентации, СМИ, молодежная политика.

Қарқын жылдамдықпен еніп келе жатқан жаһандану және мәдениеттің унификациялау процесстерінің контексіндегі жаңа қазақстандық бірегейлікті сақтап қалу және қалыптастырумен байланысты алдыңғы қатарға әлеуметтік мәселелер мен қажеттіліктердің шығуы қазіргі кезде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз

ету контексінде қазақстандық жастардың құндылық жүйесін зерттеу өзекті болып отыр. Қазақстанда қалыптасқан жастардың құндылық жүйесі жалпы ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді деп айтуға болады. Барлық қоғамдық қатынастарды радикалды түрде қайта құру, бұрынғы құндылықтардан бас тарту, әлеуметтік

тәжірибеге жаңа құндылық бағдарды енгізу процесстері мәдени зақымға алып келді, оның нәтижесі бірегейліктің, қоғамдық өмірдің деидеологизациясына және депатриотизациясына, жеке және қоғамдық мүдделердің қалыптасуына едәуір кері әсерін тигізді. Ал жаһандану үрдісіне басқа жағынан қарайтын болсақ, ол бірегейліктік байланыстарды ұзу арқылы индивидтерге осы мәселелерден кетіп қалу мүмкіндігін береді.

Жалпы жаһандану ірдісіне көптеген сарапшылардың көзқарастары әр түрлі болып келеді. Мысалы ресейлік ғалымдар жаһандануды халықаралық аралық қатынастардың жаңа форматы деп санап, осы процессті американдық саясат деп таниды. Жаһандану процесі жас адамдардың сана сезімінде шекараның, ұлттық мәдениеттің өшірілуіне алып келеді. Әлем жалпыға бірдей құндылық пен қарым-қатынастар қалыптасқан «жаһанды деревня» сияқты көрінеді. Жаһандану үрдісі англосаксондық мәдени дәстүрге бағынышты. Қазіргі әлемде индивидтер лингвомәдени ортада өмір сүріп, керекті коммуникацияда болу үшін міндетті түрде батыстық стереотиптер, мәдени ұстанымдар, жүріс-тұрыс, эталондар мен құндылықтар модельдерін қабылдау қажет, бірақ ретрансляция біржақты. Сондықтан да жастар өздеріне жат болса да, «жаһанды деревняда» өмір сүру үшін әлем туралы жаңа білімдерді міндетті түрде қабылдауы керек [1].

Әлеуметтену үрдісінің нәтижесінде қалыптасатын қазақстандық жастардың құндылық бағдарына ерекше назар аударуымыз керек. Әлеуметтену үрдісінің қазіргі кезде тиімді емес негізгі институттарына білім беру жүйесін, отбасын, армияны, БАҚ, қоғамдық ұйымдарды жатқызамыз. Әлеуметтену үрдісі дәстүрлі болудан қалғанның өзінде инновациялық бола алған жоқ, оның үстіне болжауға және басқаруға келмейтін стихиялық сипатта. Қазақстандық қоғамның трансформациялық үрдісінің ерекшеліктерінің бірі құндылық қақтығыс, оның өзі бірнеше сипатқа ие:

- біріншіден, рухани мұраны аға буыннан мұрагерге беру механизмнің жойылуы,
- екіншіден, құндылық бағдар мен құндылық иерархиясының радикалды жағдайда ауысуы,
- үшіншіден, құндылық бағдардың жаңғыртылу механизмі алдыңғы қатарлы емес, ол бейімделу формасына ие. Қазақстандық жастар көп жағдайда экономикалық және саяси құндылықтарды ұстанбайды, тек қана өздерінің

экономикалық мүдделерін көздеп, әлеуметтік-саяси шындыққа бейімделуде.

Біріншіден, жақын перспективада қоғам біртұтас әлеуметтік организм ретінде дами алғанның өзінде болашақтық жарқын бейнесі қалыптаспай жатыр,

Екіншіден, жастарды әлеуметтендіруге байланысты іс-әрекеттер туралы бір құрылымның, бір ұғымның болмауы жастардың әлеуметтену үрдісінің тиімді әрекеттенуіне, бір нормаға келуіне принципіалды кедергі келтіреді.

Жоғарыда айтылған қиындықтар жастарға әсер ететін кері әлеуметтендіру факторларының өсуіне алып келеді. Ол факторлар әлеуметтік гарантиялардың төмендеу, жастардың инновациялық потенциалының қақтығысы жағдайында өтеді. Қазақстандағы бірегейліктің дағдарысы жастар арасында

- жас адамдардың өмірінде діннің рөлінің күшейюіне,
- сепаратистік сипатқа ие, кей кезде ұлтаралық қақтығысқа алып келетін этникалық бірегейліктің саясиленуіне,
- азаматтық бірегейліктің қалыптасуына шынымен кедергі болуына,
- қазақстандық қауымдастықта жастардың әлеуметтік дезориентациясына алып келетін мәденитанушылық құндылықтарды ұстана бастайды.

Қазақстанның этникалық топтарының әлеуметтік өмірлері архаикалық форманы сақтап, оқшауланып өмір сүруде, енді оларда идеалды-рухани құндылықтар басымдығының қайта қалпына келу процесін байқаймыз.

Көптеген сарапшылардың тұжырымдамасы бойынша көп жағдайда қазақстандық жастарды «немқұрайлы ұрпақ» дейді. Жас ұрпақтың өз дегеніне жету үшін маңызды болып табылатын дербестік және мақсатқа талпынушылық сияқты қасиеттер өте төмен деңгейде көрінеді. Ақша, білім және лауазым, іскерлік мансап, гедонистік ұстанымдар (рахат өмір сүру), материалдық құндылықтарға ұмтылу дегендер доминантты құндылықтарға айналып бара жатыр.

Егер де жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдарын және құндылық бағдарын алатын болсақ, онда олар жалпы демократиялық қоғам идеяларын, өмірлік жолды таңдау еркіндігін, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының әрі қарай жалғасуын, азаматтық қоғамның қалыптасуын, құқықтық мемлекетті құруды қолдайды. Көптеген қоғамдық тақырыптар оларды толған

дырса да, мәселелерді шешу жолдарын біле бермейді. Қоршаған ортасының ой-пікірі, көлік жүргізушісінің айтқаны, жақын жора-жолдастарының сөздері жастардың ойында көп ойлар туғызады. Бірақ нақты мәселені шешу жолдарын біле бермейтінін байқатады.

Қазақстандық жастардың әлеуметтік хал жағдайының жақсаруы кәсіби таңдау мәселесінің шешілуімен, өз арманына жетумен, қоғамда сұранысы бар әлеуметтік-кәсіби мәртебесіне ие болумен байланысты. Жастардың іскерлік мансапқа жетуі, білім алуы, материалдық құндылыққа ие болуы басым құндылық болып келе жатыр.

Жастарды толғандыратын қоғамдық мәселелердің арасында бірінші орынға ие қылмыстың өсуі, инфляция, бағаның көтерілуі, билік құрылымындағы сыбайлас жемқорлық, экологиялық жағдай, табыс теңсіздігінің күшейюі, қоғамның поляризациясының ұлғаюуы, азаматтардың белсенділігінің төмендеуі, болып жатқан процесстерге немқұрайлығы.

Жастардың жеке басының мәселелеріне келетін болсақ алға материалдық құндылықтарға жетуі және денсаулығы шығады. Бірақ салауатты өмір салты құндылығы белсенді түрде қалыптаспай жатыр.

Жастарды қоғамның әлеуметтік құрылымына енуіне көмектесетін механизм тиімділігінің әлсіздігі қазіргі жастардың әлеуметтік бірегейлігінің қалыптасу мәселесін қысқа мерзім ішінде шешу маңызды мәселелердің біріне айналдырып отыр.

Қазақстандық жастардың құндылық бағдарына келесідей сипат беруге болады:

- дәулетті ата-аналардың балалары көп жағдайда утилитарлы-гедонистік, қажеттілік-керектік, құндылықтардың әлеуметтік емес жүйені қалыптастырады. Ондай жастар социумның инабаттылық деграациясының тереңдігін көрсетеді. «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деген ұстаным қоғамда қалыптасып келе жатыр;

- дәстүрлі нормалар мен құндылықтардың этномәдени жүйесін ұстанатын ауыл және қала жастарының бір бөлігі. Олар Бұл жастар этникалық қазақтардан тұрады және қазақстандық жастардың басым көпшілігі болып табылады;

- қарапайым, ебдейсіздік, сонымен қатар әлеуметті сұранысқа ие, прагматикалық құндылықтар жүйесін ұстанатындар. Бұларға

этникалық топтарға бөлмей қала жастарының басым көпшілігін және ауыл жастарының бір бөлігін жатқызамыз;

- әлеуметке қарсы жүйе ұстанымдарын ұстанушылар – барлық этникалық топтар жастарынан тұратын жастардың басым көпшілігі қазіргі кезде маргиналды және ешбір классқа жатпайтын жас ұрпақтар тобынан тұрады;

- қазіргі, постматериалистік құндылықтар жүйесін ұстанушылар – интеллектуалды және дамудың рухани-адамгершілік деңгейімен, шығармашылық ойлаумен ерекшеленетін жастардың кішігірім бөлігінен тұратын «әркелкілік» секторы.

Сонымен, тұлғаның қалыптасуына үлкен әсерін мақсатқа ұмтылушылық процесі мен субъектінің әрекеттері тигізеді. Мақсатқа ұмтылушылық қасиетіне жас бала әлеуметтену процесі нәтижесінде ие болады. Әлеуметтену процесінің маңызды кезеңдеріне отбасы мен мектепті жатқызамыз. Бірақ бұл процесс дәстүрлі тәрбие жүйесінің ыдырап, жаңа тәрбие жүйесінің қалыптаспағанына байланысты дұрыс іс жүзіне аспай жатыр. Қазіргі кезде жастардың алдына қойып іс жүзіне асыратын мақсаттары өзгеріске ұшырауда, әрекетке әкелетін себептермен қарама-қайшылыққа ұшырауда, олардың иерархиясы өзгеруде, жаңа әрекет мотивтерін – әрекеттің жаңа түрлерін – туындатуда. Бұрынғы мақсаттар психологиялық дискредитацияға түсуде, ондай мақсаттардың әрекеттері мүлде ешқандай нәтиже бермейді.

Жастар отбасында мүшелері де, мектепте, ата заманнан келе жатқан дәстүрлі құндылықтарды әлеуметтендірмейді. Дәстүрлі құндылықтар кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға себеп болатын, патриоттық сезімді тәрбиелейтін, Отан үшін қызмет істеуге итермелейтін маңызды құндылықтар жүйесі болып табылады. Егер де құндылық бағдардың осы жүйесін қалпына келтірсек, ол сыбайлас жемқорлықпен күресуге және басқа көптеген мәселелерді шешуге үлкен септігін тигізетінін айтудың керегі жоқ шығар.

Қазақстандық жастардың дәстүрлі құндылықтарды қабылдамауының негізгі себептеріне, біріншіден, қазақстандық білім жүйесіндегі мәселелерді, мектеп пен жоғары оқу орындарының арасындағы үлкен айырмашылықты жатқызамыз. Кеңес Одағынан бері қалған мектеп жүйесі мен толық реформаға ұшырамаған жоғарғы оқу орындары жастардың

әлеуметтену процесінің керекті деңгейде өтуіне үлкен кедергі болып тұр.

Мектеп жүйесін жеке алып қарайық. Олардың ішінде қазіргі ұстаз мәртебесі мен айлық жалақыларының төмендігі, әлеуметтік талаптарының іс жүзіне аспауы қазақстандық қоғамда бұл мамандықты кездейсоқ таңдауға алып келеді. Мектеп табалдырығына кездейсоқ келген ұстаздардың білім деңгейі төмен болуы таңқаларлық жағдай емес. Сонымен қатар қазіргі мектеп ұстаздарының қосымша жүктемелерінің көптігі, оның ішінде көптеген қағаз толтыру мен жылына бірнеше рет келетін комиссиялар ғылымды былай қойғанда сапалы сабақ беруге мүмкіндік бермейді.

БАҚ-тың жастар құндылықтар жүйесіндегі рөлі

Әлеуметтену процесіндегі қазақстандық БАҚ ерекшелігіне біз келесіні жатқызамыз: қазіргі кезде балалар мен жастардың (отбасылық және діни тәрбие, мектеп және ЖОО білімі мен тәрбиесі) БАҚ арқылы алатын ақпараттарды меңгеру көп жағдайда индивидуалды сипатта, ал оның тиімділігінің нәтижесін уақыт өте білетін боламыз. Бұқаралық ақпарат құралдарының жастардың әлеуметтену процесіндегі және құндылық бағдардың қалыптасуындағы рөлі әр түрлі болады, кейде позитивті, кейде негативті сипатта өтеді. БАҚ-тың негативті жақтары:

- біріншіден, қазақстандық БАҚ-тың әрекеттерінен жастарға дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылық бағдар жүйесін қалыптастыру процесінің өте әлсіз жүретінін байқаймыз;

- екіншіден, БАҚ арқылы көп жағдайда қазақстандық жастар тіршіліктің ресейлік және батыстық құндылықтарын, бұқаралық мәдениет пен қажеттіліктер стандарттарын бойына сіңіреді.

Еліміздің ақпараттық кеңістігінің дамуы соңғы уақыттарда БАҚ-тың қазақстандық жастардың сана-сезіміне кері әсерін тигізу қаупінің барын айқындайтын бірнеше факторлар бар:

- біріншіден, Қазақстанның этномәдени жағдай деңгейін ресейлік мемлекеттік медиа-компаниялар қадағалайды және Ресейдің мемлекеттік медиа-компанияларының маркетингтік саясатымен және олардың медиа-өнімдерін таратушылармен қамтамасыз етіледі;

- екіншіден, техникалық жетістіктер,

ақпараттарға шек қоятын шекаралардың болмауы және «тұрақсыздық доғасында» орналасқан еліміздің географиялық жағдайы Қазақстанның территориясына өздерінің идеологиясын тарату үшін әр түрлі террористік және экстремистік ұйымдарға жол ашып отыр.

Айтылып кеткен қауіптердің төмендегідей нәтижеге алып келуі мүмкін:

- Қазақстанның Ресейге деген бірвекторлы мәдени бағдарының сақталуына;
- жас қазақстандықтардың дәстүрлі мәдени құндылықтарының ыдырауы және Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуын кейінге қалдыруына;
- этникааралық және конфессияаралық қақтығыстар қауіптерінің жоғарлауына;
- қазақстандықтардың жалпы азаматтық сана сезімінің негізін ыдыратуға.

Мерзімді баспасөзді ерекше атап кеткен жөн. Қазақ тіліндегі БАҚ терең тарихи, поэзиялық материалдарға немесе «қазақстандық» эстрадалық жұлдыздардың өмірі туралы және қарапайым қалжыңға толы. Қозғалған мәселелер көп жағдайда әлеуметтік-тұрмыстық сипатта болады. Қазақ тілінде қоғамның экономикалық мәселелерін – банк, инвестиция, лизингтік компаниялар, кіші және орта бизнестің, жеке меншіктің дамуы сияқты тақырыптарды қозғайтын, халықтың білімін біршама деңгейге көтеретін және шынайы болып жатқан жағдайларды ашып көрсететін телехабарларды кездестірмейсің.

Қазақ музыкасын қызығушылықпен тыңдап, қазақша бағдарламаларды көретін жастар саны күннен күнге өсуде, осы жастардың қызығушылығын жоғалтып алмау үшін сапалы деңгейде хабарлар мен бағдарламаларды дайындап көрсеткен жөн болар.

Телерадиоканалдардың басым көпшілігіне балаларға арналған хабарлар тартымсыз болып келеді. Балалар бағдарламаларының басым бөлігі музыкалық және ойын сауық сипатта өтеді. Қазақстандық жасөспірімдерге арналған әндер, кітаптар, кино, телебағдарламалардың шырайсыз болуының себебінен, қаражаттың көп кететіндігінен және болашақта ешқандай нәтиже бермейтіндігінен болып отыр. Сонымен қатар телеканалдарда балаларға арналған отандық кинолар мен мультипликациялық фильмдердің жетіспейтіндігі байқалуда. Қазақстандық нарықтың басым бөлігін, көп жағдайда біздің қоғамға жат шетелдік кинолар мен мультфильдер жаулап алды.

Келесі мәселеге, жасөспірімдердің уақыттың көп бөлігін өткізетін Интернеттің жаһанды желісінде қазақстандық сегменттің қарқынды дамуын жатқызамыз. Жастар әлеуметтік желіде отыруды заман талабы, жаһандық процесстердің салдары деп ойлайды. Өкінішке орай, қазіргі кездегі азаматтық, әкімшілік және қылмыстық нормалардың және басқа да заңнамалық актілердің Интернет саласында қалыптасқан құқықтық қатынастар тәжірибесін қамтымайды. Осы процесстің барлығы қалыптасып келе жатқан жастардың сана сезіміне әсерін тигізетінін, көптеген web-сайттарда балаларға мүлде арналмаған ақпараттардың барлығын айтудың өзі керек емес сияқты.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты іс жүзіне асыру қазақстандық жастардың әлеуметтену процесін толыққанды қамтамасыз етуі керек. Қазіргі кезеңде мемлекет тұлғаның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді ақпараттық саясатты дұрыс қалыптастыру мүмкін болмай тұр.

Қазақстанда Ресейден тәуелсіз қалыптасқан мемлекеттің медиа-, тілдік, мәдени саясаты төмендегідей келеңсіз нәтижеге әкелуі мүмкін:

- біріншіден, орысша сөйлейтін қазақстандық халықтың қазақ тілін үйренуге ықпалының болмауына және қазақстандық қауымдастыққа басқа этностардың интеграциясының төмендеуіне;

- екіншіден, БАҚ-тағы идеологияның рөліне жеңіл қарау салдарынан нақты, тұрақты саяси позицияларының болмауына. Нәтижесінде, құндылықтар жүйесінде батыстық құндылықтар жеңеді, оның ішіне абстрактілі ақпарат еркіндігі емес, американдық және еуропалық ұлттық критерияларына және құндылықтарына сай еркіндік жеңеді.

Сонымен, құндылықтар жүйесінің қалыптасуында қазіргі қазақстандықтың құндылық көзқарасында ерекше эклектика байқалады: бір уақытта адамның санасында білім, діни, прагматикалық, гедонистік құндылықтар басымдығы көрініс орын алып отыр:

- біріншіден, жаңа құндылықтар мақсаттық ұстанымдар, идеалдар формасын қабылдауда, бұрынғы құндылықтар өзінің маңыздылығын жоғалтуда. Қоғамның модернизациялану жағдайында жалпы мәдениеттің өзгеру процесінің бағытын көрсетуде, рационалды таңдауға, тіршіліктің сапалы құндылығына, тұлға ретінде қалыптасу әрекеттеріне және

басқа да постматериалдық құндылықтарға бағытталған дәстүрлі құндылықтардан қазіргі құндылықтарға көшу тренді анықталуда,

- екіншіден, жаңа және ескі құндылықтардың бірін-бірі толықтыру процесі байқалады. Модернизацияға қарамастан дәстүрлі құндылықтар сақталуда.

Біртұтас құндылықтар жүйесінің қалыптаспауы қауымдастық өмірінің барлық салаларында коммуникацияның ыдырауына, дисгармонияға және қоғамдағы қақтығысқа түптің түбінде әкелу қаупі бар.

Міндетті түрде жастарды мансаптық-қажеттіліктік құндылықтар ұстанымдарынан өзіне және қоғамға деген шығармашылық-жасампаздық қатынасқа бет беруді көздейтін әдістерді жасауымыз керек.

Экономикалық құндылықтарды қабылдап, жастар прагматизмнің өмірлік стратегиясын, жеке басының жетістіктерін басты мақсат етіп қойып отыр. Нәтижесінде қысқа мерзім ішінде жастар мен қоғам арасында қақтығыс саласын кеңейтуге мүмкіндік беретін жас ұрпақтың әлеуметтік позициялары, бірнеше көрсеткіш бойынша нашарлай түсуі мүмкін.

Жастардың әлеуметтік дәмелісінің төмен деңгейі қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қарамақайшылықтың тереңдеуінің айғағы, өйткені қоғам мәлімдеген мүмкіндіктер ата-аналардың мүмкіндіктеріне сәйкес болмауы.

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының стратегиялық басымдықтары

Қазіргі таңда еліміздегі жастар саясатын төмендегідей сипаттауға болады:

Біріншіден: бүгінде әртүрлі әлеуметтік қабаттардан шыққан жастардың мүмкіндіктері де әр алуан болып отыр. Жастардың экономикалық, әлеуметтік, мүліктік және саяси көзқарастары бір-біріне қайшы келуде;

Екіншіден: ауылдың құлдырауы мен әлеуметтік-экономикалық дағдарыс тудырған урбанизация процесі кең етек алууда. Ауылдық жастардың қалаға көшуі өсуде. Ауыл жастарының нарықтық қатынастарға бейімделуі өте төмен. Білім деңгейінің төмендігі мен мамандықтарының жоқ болуы өмір сүрулерін қиындатады. Нәтижесінде қарамақайшылықтардың орталықтарын туғызады.

Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, белгілі бір объективті және

субъективті себептерге байланысты сәтсіздікке ұшырады. Жастардың мәселелерін шеше алмады. Дегенмен, елімізде жастар қызмет ететін экономикалық салада дағдарыс одан сайын ушығуда. Бұл орайда, белсенділігі төмен, бәсекелестікке қабілеті жоқ жастар арасында мемлекеттік билік пен мемлекеттік институттарға деген сенімдері төмендейді. Жастардың белсенді тобы қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласа бастайды. Сондықтан, олардың деструктивті-радикалды, діни-экстремистік және т.б. қозғалыстарға қосылмайтындықтарына ешқандай кепіл жоқ.

2004 жылдың 7-ші шілдесінде қабылданған мемлекеттік жастар саясатының бағдарламасын жүзеге асыруда бірқатар кемшіліктер болды. Олар көрсетілген мақсатпен қол жеткізген жетістіктер арасында қайшылықтар туындады. Кемшіліктерге келсілерді жатқызамыз:

- қазақстандық жастарды біріктіретін идеологиялық негіздің болмауы;
- заңның жастармен жұмыс жасауы тек қана қағаз жүзінде қалуы;
- ортақ амалдың болмауы, жастармен жұмыс жасайтын құрылымдардың реттелмеуі;
- жастар мәселесін шешуде аймақтардың ерекшеліктерін ескермеу;
- жастар ісімен айналысатын органдардың материалдық-техникалық базаларының жетіспеушілігі.

Қазақстан Республикасында жастар саясатын жүзеге асыруда негізгі заңнамалық және концептуалды құжаттарға «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы; Мемлекеттік жастар саясатының концепциясы; 2005-2007 жылдардағы жастар саясатының бағдарламасы; 2008-2015 жылдарда жастардың бәсекелестікке қабілеттілігін қолдау мен дамыту концепциясы; «Қазақстан жастары» бағдарламасы және т.б. кіреді [2].

Сонымен қатар жастарға қатысы бар ведомствоаралық құжаттық негіздегі бағдарламаларда бар. Олар: 2006-2008 жылдардағы Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасы; 2008-2010 жылдардағы «Жасыл ел» бағдарламасы; 2007-2011 жылдарға Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламасы және т.б.

Бүтіндей алғанда әртүрлі сипаттағы 20 астам құжаттар қабылданған.

Аталған бағдарламалардың нәтижесі ретінде

жастар қозғалысының азда болса да белсенді болғанын атап өтуге болады. Соңғы онжылдық көрсеткендей, жастар қоғамның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өміріне араласуда жаңа амалдарды тез қабылдайды.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңды жүзеге асыру, жастардың рухани, мәдени және кәсіби дамуына әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасайды. Дегенмен, бұл өзгерістер Қазақстан жастарының барлық құрылымдық деңгейлерін қамтыды деп айт әлі ерте. мен

Біздің ойымызша, жастар саясатының заңнамалық және нормативті-құқықтық негіздерінің кемшіліктері келесіде:

бірінші, жастар саясатының заңнамалық және нормативті-құқықтық негіздерінде нақты мәселелерді шешуге бағытталған мақсаттылық жоқ. Олар ведомствоаралық құжаттарда да кездеспейді. Сондықтан, жастар саясаты туралы заңда бекітілген жастармен жұмыс жасау бағыттары, жастар саясатын жүргізуде нақты процестерді көрсете алмайды. Жасалған жұмыстарды бағалайтын нақты объективті критерийлер жоқ;

екінші, заңнамалық актілерге енгізген толықтырулар мен өзгерістер құжаттардың мәнін өзгертпеуде. Мысалы, 2007 жылы шілдеде жастар туралы заңға өзгертулер мен толықтырулар жүргізілді. Олар:

- Жол жүру шығындарына орай қосымша жеңілдіктер, білім гранттарына мүмкіндіктер, психологиялық көмек және т.б.;
- Кәсіби білім алу үшін гранттар және тамақ, өмір сүруге арналған шығындарды өтеу;
- Кәсіпкерлікті ұйымдастыруда бизнес-жастарға әкімдік тарапынан көмек көрсету;
- Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға ауыл жастары үшін квоталар бөлу.

Көріп отырғандай, өзгертулер мен толықтырулар біржақты, олар жастардың белгілі бір категориясына, бөлігіне бағытталған, олар негізінен оқитын жастарды әлеуметтік қамтамасыз етуге негізделген және аталған әрекеттер жастар саясатын жүзеге асырудың сипатын өзгертуге ешқандай көмек бере алмайды. Жастарға және жастар саясатына деген концептуалды қатынас еш өзгермеген;

үшінші, ведомствоаралық құжаттар айталық, 2006-2008 жылдардағы Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбие-

леудің мемлекеттік бағдарламасы; 2008-2010 жылдардағы «Жасыл ел» бағдарламасы; 2007-2011 жылдарға Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламасы және т.б. жастар саясатына тек қана жанама қатынасы бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдардағы индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында жастар мәселесі кәсіби кадрлық ресурспен қамтамасыз ету контекстінде қарастырылған [3];

төртінші, 2005-2007 жылдарға арналған жастар саясаты бағдарламасының нәтижесі қойылған мақсатқа негізделмеген. Жастар әлеуметтік мәселелері, еңбек, денсаулық, білі, тәрбие сияқтылар әлеуметтік қызметтер, әлеуметтік көмектер мен кеңес беру шаралары арқылы шешілмейді. Сондықтан, жастар потенциалын дамытып жүзеге асыру мемлекет үшін әлі де шешімін таппай отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жастар қозғалысына келетін болсақ, оның нормативті-құқықтық негіздері әлсіз, өйткені олардың құқықтары негізінде жалпы сипаттағы құжаттарда ғана көрсетілген. Олар:

- 1996 жылы қабылданған ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы. Заң ҚР азаматтарының бірлестіктер құру еркіндігіне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұнда ЖҚҰ туралы тек ғана саяси партиялар жанынан құрылатын жастар қанаттарына байланысты айтылған. Заңның басқа ережелерінде ЖҚҰ үшін ерекше шарттар айтылмаған;

- 2001 жылы «Коммерциялық емес ұйымдар» туралы Заң қабылданды. Бірақ, заңда ЖҚҰ ерекше мәртебесі туралы ештеңе қарастырылмаған;

- 2002 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен «Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың» концепциясы қабылданады. Концепцияда бала және жастар ұйымдары үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қорғау бағдарламасының басымдықтары ретінде қарастырылады;

- 2003 жылы аталған Концепцияның негізінде 2003-2005 жылдарға үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарламаның маңызды бағыты «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырма туралы» заң жобасын жасау болды. Бұл жоба әлеуметтік маңызды жобаларды мемлекеттің қаржысы арқылы ҮЕҰ көмегімен шешуге бағытталатын шаралардың бірі болатын;

- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңның 5 бабында, ҮЕ жастар ұйымдары ҚР жастар саясатының басты бағыттары ретінде анықталған болатын;

Жоғарыда көрсетілген құжаттарда заңды жүзеге асыруда маңызды болып табылатын детализация жоқ.

Сондықтан, аталған заңдар мен құжаттарды талдай келе келесідей тұжырым жасауға болады.

Бірінші, «ҚР мемлекеттік жастар саясаты» заңында жастар саясатын шешетін стратегиялық басымдықтар нақты емес. Демек, қазіргі таңда жастардың әлеуметтік өсу мәселесіне аса мән беру қажет. Бірінші кезекте, жас ұрпақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелер шешу керек. Жастарды кіші және орта бизнес салаларына көптеп тарту амалдарын қарастырған жөн.

Екінші, жастар саясатын жүргізудің қағидаларын өзгерту қажет. Олар қызметтік нысаны емес, ал керісінше заңды жүзеге асыруда субъект болуы керек. Қазіргі таңда институттар мен құрылымдар бақылау қадағалау органдары болып табылады. Жастар ұйымдары мен бірлестіктердің жетекшілері өздерінің мүдделерін өздері қорғаса, әсіресе аймақтық және жергілікті деңгейде, көптеген мәселелер шешілетін еді. Сонда ғана олар, өз қызметтерінің нәтижесін бағалайды және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда үлкен көмегін тигізеді.

Үшінші, мемлекеттік құрылымдардың жұмыстарында жастардың әртүрлі қабаттар мен топтардан құрылғандығын және аймақтық, этникалық, жастық ерекшеліктерін ескермейтін қателіктер көп. Сонымен қатар ол мәселелерді шешетін кешенді амалдар қарастырылмаған. Бағдарламалық құжаттарда жастарға қатысты кешенді мәселелер көрініс таппаған.

Төртінші, жастар саясатын жүзеге асыруда ЖҚҰ, аймақтық және жергілікті атқарушы органдарды институционалды және ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету әлсіз көрсетілген.

Бесінші, Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық шарттар мен кепілдіктерді жасау жақын арада төмендегі жағдайларды көрсете алады:

- Жастардың әлеуметтік құқық саласында – ақысыз медициналық қызмет көрсету, орта, бастапқы кәсіби білім беру, жолда жүру жеңілдіктері, кеңес беру және т.б.;

- Еңбек саласында – жұмысқа орналасуға көмек, жастар үшін қоғамдық жұмыстардың ашылуы және т.б.;

• Кәсіпкерлікті қолдау – ҚР орталық және жергілікті органдарының жастардың кәсіпкерлікті ұйымдастыруын қолдау және т.б.

Алтыншы, құжаттарда мемлекет тарапынан көмекті қажет ететін жастардың категориясы қарастырылмаған.

Жетінші, құжаттарда жастар саясатындағы жас мәселесі қарастырылмаған.

Сегізінші, аталған құжаттарда кедейліктің критериялары анықталмаған.

Сонымен, Қазақстанда жастар саясатын сәтті жүзеге асыру жастардың әлеуметтік өсу мәселесін шешумен тығыз байланысты. Жастардың әлеуметтік өсуіне кедергінің негізгі себептеріне төмендегілерді жатқызуға болады.

• Ерекше қалыптасқан әлеуметтік стратификация, бір қабаттан екіншіге өту үлкен қиындықтар туғызады. Әлеуметтік мобилділік барысында әлеуметтік жағдайы төмен жастар көптеген қиындықтарға ұшырайды. Нәтижесінде мемлекеттік билікке қарсы жастардың саны өсе бастайды.

Жоғарыда аталған себептердің негізі әлеуметтік лифтінің болмауы.

Сонымен, жақын әрі орта басымдықтарда жастардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу қажет. Олардың әлеуметтік өсуіне мемлекет тарапынан үлкен қолдаулар мен көмектер керек екендігін ұмытпаған жөн. Бұл мәселелердің шешілуі жастар арасындағы қарама-қайшылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Елімізде азаматтық қоғам институтының әлсіз дамуы барысында жастардың мәселелерін шешуде биліктің белсенділігімен жастардың

әрекеттері әркезде ұштасып отыруы қажет. Себебі, көптеген жағдайда соңғы шешімді билік қабылдайды.

Қазігі таңда «Нұр Отан» партиясының жастар қанаты болып табылатын «Жас Отан» қазақстандық жастарды біріктіруші ұйымдардың бірі болып табылады. Бұл ЖҚ еліміздің көптеген жастары үшін әлеуметтік лифтінің рөлін ойнауы мүмкін. Билеуші партияны жастар қанаты бола тұра «Жас Отан» әлеуметтік лифт ретінде жастардың әлеуметтік өсуіне кепіл бола алады. Сонымен қатар, «Жас Отан» жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуында конструктивті бағыттар таңдауға үлкен көмегін тигізеді. Яғни, жастардың деструктивті, антиқоғамдық, антимемлекеттік қызметтерін жоюдың алғышарттары болып табылмақ.

Жастар саясатын жүзеге асыруда қоғамдық бірлестіктердің флааманына айналып біріктіруші ұйым ретінде қызмет ету үшін «Жас Отанда» қажетті ресурстардың барлығы бар. Оларда:

- күшті әкімшілік ресурс бар;
- қаржы;
- БАҚ;
- Қазақстанның барлық аймағында филиалдары қызмет етеді.

Жақын болашақта қазақстандық идеологияны жасап жастарды біріктіру жоспары біздің ойымызша жүзеге асу екіталай мәселе секілді.

Қазақстанда «қазақстандық арман» атты концепцияны жасау қажеттілігі туындады. Ол еліміздегі барлық жастар үшін маңызды әрі шешуші идеология болуы қажет. Себебі, жастар өздерінің потенциалдарын сезіп оны жүзеге асуы қажет. Бұған тек ғана мемлекет кепіл бола алады.

Әдебиеттер

- 1 Muravckaya I.A. Vesternizacia coznanya kak rezultat mezhkulturnoi kommunikacii (na materialah zaimstvovannih leksem) // estnik.pstu.ru/_engine/get
- 2 <http://www.zhastar.kz>
- 3 <http://zhastar.com>

References

- 1 Muravckaya I.A. Vesternizacia coznanya kak rezultat mezhkulturnoi kommunikacii (na materialah zaimstvovannih leksem) // estnik.pstu.ru/_engine/get
- 2 <http://www.zhastar.kz>
- 3 <http://zhastar.com>